



ОРТАҚ АЛАН

ЗАН

zangazet@mail.ru

№63 (3692)
20 тамыз 2024



газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БОЛАШАҚТЫҢ БАҒДАРЫ БҮГІННЕН БАСТАЛАДЫ



Ұлттық қор – балаларға! 2022 жылы өткізілген жалпыхалықтық референдум нәтижесінде Ата Заңда жер мен табиғи ресурстар халықтың меншігі деген басты қағидат бекітілді. Яғни, мемлекет жерінің асты-үстіндегі қазынаның бәрі халықтың игілігіне жарауға тиіс екені айшықталды. Ақыры Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылдың қыркүйегіндегі жолдауында конституциялық норма жаңа мазмұнмен толықтырылып, 18 жасқа дейінгі балаларға Ұлттық қордан қаржы аударылып тұратын болды. Билік мұнай сатудан түсетін пайданың бір бөлігін тікелей балаларға бағыттады.

(Соңы 4-бетте)

АШЫҚ ДИАЛОГ – ТҰРАҚТЫ ДІНИ АХУАЛ КЕПІЛІ

Әлем бүгінде мазасыз. Бұған белгілі деңгейде діни сенімнің алуандығы да ықпал етуде. Әсіресе, осы салада деструктивті ұйымдардың көбейіп, өз қатарына көзқарасы, ұстанымы қалыптаспаған жастарды тартып жатқаны еріксіз алаңдатады. Бұл халықтың діни сауатын ашу және діни тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңыздылығын көрсетеді. Осы мәселедегі мемлекеттік саясатты түсіндіру, халықтың құқықтық білімін көтеру, әсіресе аймақтарда қажет. Өйткені, бүгінде халқымыздың дені өңірлерде өмір сүруде. Осы себеппен көптеген деструктивті ұйымдар өз ықпалын жүргізу үшін жергілікті жерлерді таңдайтыны тағы шындық. Сондықтан өңірлерде діни экстремизм мен терроризм идеологиясына қарсы жүйелі іс-қимыл бір сәт толастамау керек.

Ақмола өңірі бүгінде еліміздегі түрлі діни ағымдар мен олардың өкілдері тығыз орналасқан аймақтардың бірі. Облыста жыл өткен сайын олардың саны артып келеді. Бүгінде аймақта конфессияны құрайтын 195 діни бірлестік тіркелген. Олар 93 исламдық, 48 православ, 11 католик, 33 протестант, 1 Иегова куәгерлері, 7 жаңа апостолдық шіркеу, 1 Кришна санасы қоғамы және 1 Бахай діни бірлестіктері. Мұнымен қоса аталған діни ағымдар мен бірлестіктер орналасқан 158 ғимарат бар.

Жалпы облыс аумағында 32 миссионер тіркелген. Олардың ішінде – 19 Польша, 6 Филиппин, 3 Германия, 2 Ресей және 2 Қазақстан азаматы бар. Бұл миссионерлер халық арасында өздері ұстанатын діни ағымдарды уағыздайды. 28 миссионер католик дінін, үшеуі жаңа апостолдық шіркеу бағытын және біреуі вайшнализм дінін насихаттайды. Діни уағызшылар мен насихаттаушылар үнемі бақылауда.

Өңірде негізінен – дәстүрлі дін конфессияларының ролін нығайту, толеранттылық қағидасы бағытында жұмысты жетілдіру, конфессия аралық қатынастар саласында мемлекет жүргізетін саясатқа халық сенімінің жалпы деңгейін арттыру бағытына назар аударылады.

(Соңы 4-бетте)

ТУҒАҒА

РЕЙХСТАГҚА ТҮ ТІККЕН БАТЫР РАҚЫМЖАН ҚОШҚАРБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ

Жыл басынан бері еліміздің қаһарман ұлдары Сағадат Нұрмағамбетов пен Рақымжан Қошқарбаевтың ғасырлық мерейтойы атап өтілуде. Оның ең үлкен көрінісі деп Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Жарлығымен аталмыш қос батырымыз бен Бауыржан Момышұлының құрметіне үш дәрежелі «Айбын» орденінің белгіленгенін айтар едік. Әрине, бұл да тәуелсіздік арқасында келген шапағатты іс.

Жасыратыны жоқ, бұрынғы одақ жағдайында мұндай ауқымды шаралардың іске асуы мүлде мүмкін болмайтын. Үлкен мемлекет аясында қазақ үшін, ұлт үшін маңызды мәселелердің атқарылуы міндетті саналмайтын. Әйтпесе, өзгелердің атақ-абыройын күндегеніміз емес, бір ғана ұрыста, бірер сағат ішінде жалт етіп көзге түскен қатардағы солдатқа беріле салатын батырлық жұлдыз, ордендерінің дәл осы кісілерге келгенде жетімсіз болып қалып, таршылық көрсетілуін немен түсіндіруге болады?

БҮГІНГІ ҰРПАҚ ӨЗ БАТЫРЛАРЫН ТАҢУЫ ТИІС

Ал қазір тәуелсіз Қазақстан зор құрмет көрсетіп жатқан, есімдерін мәңгілікке айшықтап, «Айбын» ордені дәрежесімен тұғырын биіктеткен үш қаһарманымыздың үшеуі де кешегі империя тұсында лайықты бағасын иеленбей, қағажу көріп келгені белгілі. Әрине, үш қаһарманымыздың тағдыр

жолы әрқилы болып өрілгендіктен, олар шеккен қысым-қиянатты да бір-жақты баяндау мүмкін емес.

Қазақ халқы тағдыр соқпақтарында небір тар шатқалдарға ұрынып, өз дәуірінің әділетті бағасын ала алмай келе жатқаны белгілі. Әрине, оның ең басты себебі империялық тәуелділік, отаршылдық қамытының бір кездегі еркін, азат елді бұғаулап, құрсаулап келгендігі екендігін ашық айтқанымыз жөн. Кеңестік идеология қанша жасырып, бүркемелеп келгенімен, одақ ыдыраған тұста ақиқаттың беті айқын ашыла түсіп, шындық су бетіне қалқып шыққандығы белгілі және ол жалғаса түсуде. Ең бастысы, қазақ тарихы жаңа белеске көтерілуде, ұрпақ өткен заман ақтаңдақтарын танып, білуде. Әрине, басты өкініш – тарихымыздың отарлаушы империя қолымен бұрмаланып жазылып, теріс танылып келгендігі.

(Соңы 5-бетте)



• ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

САНДЫҚ ЖҮЙЕНІҢ САПАСЫ ЖОҒАРЫЛАДЫ

Бүгінде ел экономикасын цифрландыру мәселесіне басымдық берілген. Бұл орайда «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудың негізгі жобасы жасалынып, нақты істердің нәтиже бере бастағаны да жасырын емес. Цифрлы технологияларды қолдану есебінен әрбір қазақстандықтың тұрмысын жақсарту, өмір сүру сапасын арттыру мақсат етілген.

Шымкентте де бұл мақсатқа қол жеткізу мәселелері онды істерімен айшықталып келеді. Осы тұрғыда жуырда Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында Шымкент қаласы цифрландыру басқармасының 2024 жылдың 1 жартыжылдығында атқарылған жұмыс қорытындылары туралы баспасөз конференциясы өтті. «210 000-ға жуық қала тұрғындарына жоғары жылдамдықты интернет желісіне қосылуға мүмкіндік жасалынды» деп атап өтті Шымкент қаласы цифрландыру басқармасының басшысы Мұхит Кемелов.

Шымкент қаласы цифрландыру басқармасының басшысы Мұхит Өбүтәліұлы сала бойынша БАҚ өкілдеріне осы тоқсандағы атқарылған жұмыстарының жетістіктерімен бөліскен басқарма басшысы қала тұрғындарын сапалы интернетпен қамтамасыз ету, елді мекендерге опто-талшықты желісін жүргізу, цифрлық сауаттылық, қоғамдық орындарды тегін WI-FI желісімен қамту, қаладағы бейнебақылау камералары және «i-shymkent.kz» порталы жайлы баяндап, қойылған сауалдарға жауап беріп, биыл жүзеге асырылатын жоба-

ларға тоқталып өтті.

Басқарма басшысының сөзіне қарағанда, интернет желісін жүргізу үшін жеке инвесторлармен меморандум түзілген. Аталған меморандум аясында жыл соңына дейін тиісті жұмыстар жүргізілетін болады. Сонымен қатар, әрбір мектептердегі интернетті 150 мб/сек дейінгі жылдамдыққа көтеру жұмыстары атқарылуда. Бүгінде, қала аумағындағы 147 мектептегі интернет жылдамдығы 150 мб/сек көтерілді, оның 100 мб/сек оқу процесіне бағытталса, ал 50 мб/сек бейнебақылау және СОС батырмаларына арналған.

Сонымен қоса жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы мен цифрландыру басқармасы арасында ынтымақтастық туралы меморандум жасалынып, «i-Kolik» қосымшасына балама ретінде «2ГИС» мобильді қосымшасына қаладағы қоғамдық көліктердің жүру бағытын анықтау мақсатында GPS трекерлерді байланыстыру тетігі қосылды. Қазіргі таңда аталған мобильді қосымшада қоғамдық көліктердің бағыттарын қадағалауға мүмкіндіктер бар.

— Ағымдағы жылы қосымша 5 қоғамдық орындарға 15 wi-fi құрылғыларын орнатып, жалпы саны 70 wi-fi құрылғылары іске қосылды. Сонымен қатар талдау нәтижесі бойынша мобильді байланыс операторларымен бірлесе интернет сапасы төмен 42 нүктеге базалық станция орнату жұмыстары жоспарланып, 30 нүктеде базалық станция қолданысқа енгізілді, — деді Мұхит Өбүтәліұлы.

Сондай-ақ, Шымкент қаласы цифр-

ландыру басқармасының басшысы Мұхит Кемелов конференция барысында Шымкентте «shymkent it hub» технологиялық парк ашу жұмыстары жүргізіліп жатқандығын атап өтті.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауында айтылған тапсырмаларды орындау шеңберінде «Astana Hub» халықаралық технологиялық паркінің үлгісі бойынша еліміздің барлық өңірлерінде «IT Hub» ашу тапсырылған болатын. Осыған орай, қазіргі таңда Шымкент қаласының аумағында «Shymkent IT Hub» технологиялық паркін ашу жұмыстары жүргізіліп, ғимараты бекітіліп және технопаркке материалды техникалық базаны (техникалық құрал-жабдықтар, жиһаз, кеңсе тауарлары) жеке инвесторлар есебінен қаржыландырылуда, — деді басқарма басшысы.

Сонымен қатар, «Shymkent IT HUB» — білім беру бағдарламалары кеңесінің қызметі. HUB Технологиялық кәсіпкерлікті танымал ету және технологиялық стартап құру үшін арналған. Айта кетейік, Astana IT HUB технопарк және әкімдік арасында меморандум жасалынып, техникалық ашылу ісі жоспарлануда. 2 жартыжылдық қорытындысымен аталған технопаркті ресми ашу жоспарлануда. Осыған орай Astana Hub филиалын Шымкент қаласында ашу басты жаңалық болып тұр. Ол өз кезегінде IT саласының қарқынды дамуына септігін тигізеді. Shymkent IT HUB — білім беру бағдарламалары кеңесінің



қызметі технологиялық кәсіпкерлікті танымал ету және технологиялық стартап құру үшін арналған. Қазіргі таңда Шымкент қаласының аумағында Shymkent IT Hub технологиялық паркін ашу жұмыстары жүргізіліп, ғимараты бекітілді. Технопаркке материалды техникалық базаны жеке инвестор есебінен қаржыландыру көзделуде.

Тағы бір атап өтетін жайт, алдағы уақытта Шымкент қаласы аумағында 109 бағдарламалық қамтамасыз ету мобильді қосымшасы қосылатын болады. 109 бірінші байланыс орталығы 2020 жылдан бері қала өмірінің барлық салалары бойынша тұрғындардың өтініштерін қабылдау бойынша жұмыс істейді. Сонымен қатар, ситуациялық орталықтың бағдарламалық қамтылуы бойынша бірқатар жұмыстар атқарылды.

Атап өтер болсақ:

- Басшылар рейтингі модулі;
- Top 10 аудан бөлінісіндегі өтініштер модулі;
- Top 10 көрсетілетін қызметтердің модулі;
- Top 5 қызметтер санаты;

- Top 5 ұйымдардың мерзімі өткен;
- Қызметтер бөлінісіндегі өтініштер статистикасын бақылау;
- Өтініштердің түсу статистикасы;
- Орындаушылар бойынша өтініштердің мәртебесі.

Сонымен қатар қазіргі таңда, Басқарма мен компания арасында ынтымақтастық туралы меморандум түзіліп, жүйеде аналитикалық талдау жұмыстары да жүргізілуде.

Ұсынылатын көрсеткіштер төмендегідей:

1. Қоқыс жәшігінің толып кетуін қадағалау;
2. Қоқыс өртінің аналитикасы;
3. Көлік құралдарын талдау;
4. QR код арқылы 109 бірінші байланыс орталығының ватсап мессенджеріне тікелей сілтеме.

Биыл басқарма тарапынан бір қызмет — санаториялық-курорттық жолдама жобасы автоматтандырылды. Бұл пилоттық жоба жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы мен цифрландыру басқармасы арасында ынтымақтастық туралы меморандум негізінде іске асырылды.

«Денсаулық жағдайына байланысты зейнеткерлерді санаторий-курорттық көмек алу үшін кезекке қою» мемлекеттік қызметі ӨГӘЖ порталында автоматтандырылды. Нәтижесінде қаладағы зейнеткерлер шипажайларда емделу үшін онлайн кезекке тұрып, өздері кезек ретін бақылай алады. Өңірлік геоақпараттық жүйеде 12 қызмет түрі көрсетілуде. 2023 жылы жалпы 167 мемлекеттік қызмет түрі көрсетілсе, осы жылы 170 қызмет түрі бекітілді. Аталған 170 мемлекеттік қызметтің 6-уы автоматтандырылмаған. Биыл 2 мемлекеттік қызмет әкімдік тарапынан электронды форматқа көшетін болды.

Раушан НАРБЕК
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

5. «ОралПласт» ЖШС (БСН 160340004123, БҚО, Орал қаласы, Г.Потанина көшесі, 1Н үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Қонаев көшесі, 8 үй, 1 пәтер, тел. 87757308998.

9. «Start App» ЖШС (БСН 180940019928, ҚР, БҚО, 090000, Орал қаласы, С. Дауымов көшесі, 71/3 үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: БҚО, Байтерек ауданы, Мичуринский ауылдық округі, Асан ауылы, Молодежная көшесі, 3-үй, тел. 87771848156.

10. «Kazakhstan Tungsten&Molybdenum Company» (КТМС) ЖШС (БСН 071240008413, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Самал-2 ықшам ауданы, 67-үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 13-үй, В корпус, 402-кеңсе, тел. 87024770477.

11. Ақмола облысы, Бұрабай ауданы әкімдігінің 12.08.2024 ж. № а-8/319 қаулысы негізінде Бұрабай ауданының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» КММ (БСН 220140000652) таратылады. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақмола облысы, Бұрабай ауданы, Щучинск қаласы, Рақымжан Қошқарбаев көшесі, 33 үй.

13. «Фирма НурДан» ЖШС (БСН 110240001919) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Горького көшесі, 73 үй, тел. 87022585524.

14. «ПрогрессТрансАвто» ЖШС (БСН 070440009189) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Әл-Фараби шағын ауданы, 47/3 үй, б-кеңсе, тел. 87022585524.

15. «ZanZaman-Consulting Ltd.» ЖШС (БСН 120140017973) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Орлыколь көшесі, 10 үй, № 4 ЦЕХ, тел. 87022585524.

16. «DDYN» ЖШС (БСН 220140023304) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор кенті, Жұмағали Мұхтанов көшесі, 110 үй, тел. 87051770603.

МҰРАҒЕРЛІК

7. 08.05.2024 жылы қайтыс болған Исенбаева Кулсімхан Тұрсынғалиеваның артынан мұрагерлік іс ашылуына байланысты мұрагерлерінің Алматы қаласы, Ақсай 4 ықшам ауданы, 70А үй, нотариус Пархат Бахаутдиновқа хабарласуын сұраймыз. Тел. +77019898551.

8. 2023 жылдың 12 мамырында қайтыс болған Байназарова Курманқұлдың артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел. 87022334499.

ӘРТУРШ

2. «SAMGAU CONSTRUCTION COMPANY-2022» ЖШС (БСН 220740045003) «ПрофТехМед Строй КЗ» ЖШС-ға (БСН 230840017515) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Чайковский көшесі, 4/2 үй, 15 пәтер, 140000 пошта индексі, тел. 87076020088.

3. «ПрофТехМед Строй КЗ» ЖШС (БСН 230840017515) «SAMGAU CONSTRUCTION COMPANY-2022» ЖШС (БСН 220740045003) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Нұрмағамбетов көшесі, 142 үй, 140000 пошта индексі, тел. 87076020088.

4. «Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының «Облыстық кино орталығы» КМҚК ұйымы (БСН 121140005229) «Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының «Облыстық халық шығармашылығы орталығы» КМҚК» (БСН 990240006684) ұйымдарына қосылу арқылы өзінің қайта құрылуы туралы хабарлайды. Шағымдар келесі мекенжай бойынша қабылданады: Тараз қаласы, Сүлеймен көшесі, 20 үй, тел. 87262431542.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,
8 (708) 929-98-74
E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.
ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIRO» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22.
E-mail: kaidybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: pazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.
«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Калиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы). Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. Әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (аулақан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Видай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.